

ХАЛЫҚ ОЮ-ӨРНЕК МАТЕРИАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Қайыржан Аяулым Kairzhanayaulym07@gmail.com Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Дизайн» мамандығының 1 курс студенті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор – Е.С. Қоянғалиев.

Халық ою-өрнектерін қолдану арқылы студенттердің эстетикалық дүниетанымын қалыптастырудың әдістемелік жолдарын қарастырмас бұрын, біз алдымен студенттердің эстетикалық дүниетаны, тәрбиесі, халқымыздың ою-өрнек өнерінің негіздері деген мәселені талдап өтейік. Әрбір адамның шығармашылық қабілетінің жетілуі, еңбек саласының артуына әсер етеді, мәдениетін дамытады. Демек, жалпы мәдениеттің маңыздылығы өмірдің барлық саласына ықпал тигізетін эстетикалық мәдениет болып есептеледі. Осының бір көрінісі ою-өрнек материалдары негізінде студенттердің эстетикалық қабілетінің дамуы- жан-жақты тәрбиенің бүкіл тәрбие жүйесінің табиғи бір бөлігі. Сұлулықты тану эстетикалық тәрбиенің – болмыстағы және өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдауға және өнерде, табиғи сұлулықты көру, сезіну, тану қабілетін қалыптастырады. Студенттердің эстетикалық дүниетанымы тәрбие жүйесінің негізгі құрамдас бөлігінің бірі. Олардың дамуындағы негізгі эстетикалық таным әрекеті – оқу болып табылады. Эстетикалық танымдық іс - әрекеті студенттердің іс-әрекетіндегі күрделі процесстердің бірі болып келеді. Егер де студенттердің кез-келген әрекетін психологиялық тұрғыдан талдайтын болсақ, ол күрделі психологиялық қасиеттері мен әрекеттерінің нәтижесінде пайда болады. Студенттердің ақыл - ойы, қызығушылығы, қажеттіліктері, сезімі сияқты психикалық процесстер іске қосылады. Олардың оқу іс-әрекеттерінің табысты болуында оның ақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыру маңызды саналады. Студенттердің эстетикалық танымдық іс-әрекетін арттыру үшін, оның ақыл-ой еңбегін дамытуға көңіл аудару барысында қазақ қолөнеріндегі дәстүрлі ою-өрнектердің бірін мысалға келтіре кетсек, мысалы «Күн» ою-өрнегін біз көбіне білезіктер мен жүзіктерден көре аламыз. Ол бір дөңгелек немесе қос дөңгелек болып келеді. Бір дөңгелек етіп бейнелеу себебі, күн белгісін «күніміз ашық болсын» деген тілекпен көрсеткен, ал қос дөңгелек етіп көрсетілуі мейірімділік пен әділеттіліктің белгісі. Қалың қос дөңгелекті қолбасшы адамдарға сыйлайтын болған. Бұндай жүзіктер мөр ретінде де қолданылған. Тас көздің бетінде адамның аты да жазылғандығын айта отырып, осы өрнектердің мән - мағынасымен түсіндіру арқылы студенттердің танымдық қасиеттерін жетілдіру болып отыр. Қазіргі таңда көне мұраларды ұлттық рухани-мәдени болмысымыздың өрнекті нақыштарын жинақтау, қалпына келтіру, дамыту, нығайту өзекті мәселе екені белгілі. Ел басының халыққа жолдауында: «Қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтау. Сонымен қатар, ұлт аралық және мәдениет аралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ету» мемлекетімізде атқарылып жатқан игі істердің бірі. Қоғамның мәдени-әлеуметтік рухани құрылымы ою-өрнектердің барлық жүйесінен, өмірдің 141 негізгі бағыттарынан бастау алып, адамның дүниетанымдық болмысында белгі ретінде бейнеленді. Киімді ою-өрнекпен әшекейлеу, жағасына, өңіріне, етек-жеңіне кесте тігіп, оқа бастыру, зерлі жиектер жүгірту, киімді безендіруге қымбат металдар мен асыл тастардан түзілген әткеншектерді пайдалану-көбіне әсемдікке құштарлықтан ғана емес, адамдардың әлеуметтік өмірдегі алатын орнын баса көрсету қажеттігінен туған болуы ықтимал. Бұйымды ою-өрнекпен әшекейлеу ғасырлар өткен сайын қалыптасқан дәстүрге

айналып, әрбір ұрпақтың талғамына лайықты өмір талқысынан өтті. Қазір ұлттық ою-өрнектер дәстүрлі құндылықтарға, олардың қайнар бастауларын тануға деген ықылас күн санап артып келеді. Қазақтың ұлттық киіміндегі ою-өрнектер, әшекей бұйымдар мен түстің өзіндік байлығы мен көркемдігінде байлық пен сәндік үшін ғана емес, ол киім мәдениетінің құрамдас бөлшегі болды. Олар ою-өрнек қызметінің ерекшеліктерін, қолданыстық сипатының маңызын арттыра түседі. Ұлттық ою-өрнектің ең бір көп кездесетіні ұлттық киімдер мен оның сәндік әшекейлері екені күмән келтірмейтіні даусыз. Қазақтың өрнек әшекейлері С. Дудин, Р. Карутц Е. Шнейдер, тағы басқа зерттеушілердің еңбектерінде зерттеліп, қазақтың киім үлгілері мен оның сәндік әшекейлі өрнек мәнеріне үлкен мән берген. XVIII-XIX ғасырларда ою-өрнектің көркемдік мәнері талай саяхатшылардың қызығушылықтарын арттырып, олардың суреттемелерінде, қол жазбаларында сақталған (И.Г. Георги, П.С. Паллас, И.Фальк, А.О. Орловский, А.И. Левшин, және т.б.). Олардың суреттемелерін мұрағат қорларынан және авторлардың жарияланып шыққан альбомдарынан көре аламыз. Қазақ қолөнер бұйымдары өзге мұсылман халықтарының ұлттық өнер туындылары тәрізді ою-өрнекпен көркемделіп, безендіріліп, көркемдік психологиялық ерекшелігін әлі күнге дейін сақталған. Ою-өрнектердің дамуы, тарихы жөнінде зерттелген, айтылған пікірлер сан алуан. Ә. Марғұлан [1], С.Қасиманов [2], К. Ибраева [3], т.б. ғалымдардың еңбектерінде көне бұйымдарда бейнеленген белгі мен таңбалар XVII-XIX ғасырдағы қазақ халқының қолөнерінде кездесетін ою-өрнектерге ұқсас екендігін дәлелдеген. Белгілі өнертанушы В.Чепелев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты», - деп таң тамаша болған, ал академик Ә. Марғұлан: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүреді десек асыра айтпағандық емес. Халық шеберлерінің қолынан шыққан тұрмыс заттарының ою-өрнекпен әшекейленбегені жоқ», - деп олардың маңыздылығына жоғары баға берген [4]. Қазақ ою-өрнегі сақ, үйсін, түрік, ғұн, қыпшақ, қаңлы секілді көне көшпелі тайпалардың өнерімен қалыптасты. Ою-өрнекпен безендірілген кез келген әшекей бұйымдар сиқырлы күшке ие болған, сонымен қатар ол бақыт пен сәттіліктің белгісін білдірген. көшпелі ғұмыр кешкен халықтардың дүниетанымында оның сипаттық ерекшеліктері ой танымнан туындаған. Зерттеушілер қазақтардың өмір тіршілігінің ажырамас бөлігі ою-өрнек екендігін айтты, ою өрнекті белгі ретінде қарастырды. Дегенмен әшекей бөлшектеріндегі ою-өрнектің көркемдік сипатын, құндылықтарын, ұлттық дүниетаным ретіндегі біртұтас болмысынан айналып өте алмайды. Қолөнер бұйымдарының бөлшегі ретінде енген ою-өрнектің нұсқасы табиғи бірлікте бағалануы тиіс. Оның көркемдік үйлесімділігі жазықтықтың бетінен, ою-өрнек арасындағы рауаждан, бұйымға салынған нақыштың үйлесімділігінен іздеу керек. Бұл оның мазмұндық, стильдік сипатын жалпы көркемдік ерекшеліктерінде айқындауға болады. Ою-өрнек түрлерін, оның жеке бөлшектерін жаттап алып, өрнектің өзіне ұнаған таныс үлгілерін кез келген нәрселерге жапсыра беру қазіргі таңдағы ұлттық бұйымдарды көркемдеу нақыштарында әлі де толық жойыла қоймағаны белгілі. Ол жағдайда мұндай өрнектер затпен табиғи үйлесімділік құра алмайды, жасандылыққа айналады [5]. 142 Қазақтың ұлттық ою-өрнектері-ұлттық мәдениетіміздің ең байырғы мәдени мұрасы. Ою өрнектердің шығу және даму тарихы, сондай терең мазмұны мен бай тәжірибесі бар. Оның бояу үйлесімділігі, құрылымдық жүйесі белгілі бір заңдылықпен құрылған, әр өрнектің атауы және қолдану орны ерекше. Бір өрнекті екінші өрнекпен шатастырып, кез-келген бұйымда қолдана беруге де болмайды. Қазақ даласында ою-өрнектер әр бағыта жүзеге асып, әр аймақта өздеріне ғана тән нақышымен ерекшеленген, ою-өрнектің негізгісі - мүйіз деп есептелінген. Киім, зергерлік бұйым, қазақ үй жабдықтары, тоқыма өнімдері, алаша өру, кілем тоқу секілді қазақтың дәстүрлі өнімдерін оюмен өрнектеу тәсілдері кеңінен қолданылған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1.Кажғали улы А. Ою и ой. – Алматы, 2004. – 444 с. 2.Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақтың ою – өрнектері – Алматы: Алматыкітап, 2005 – 284 б. 3.Тоғанбек Тілеуқабылұлы. Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері, атаулары, мағыналары мен шарттары. Астана: Фолиант, 2003-8б. 4.Марғұлан Ә.Х Казахское народное прикладное искусство. В 3т. Алма-ата: Өнер, 1987. 250с 5.Байжігітов Б. Қазақ өнерінің эстетикалық табиғаты. (Қазақтың дәстүрлі творчествосы мен бейнелеу өнерінің негізінде): филос. ғыл. канд. ...дисс. - Алматы, 1994. - 123 б.